



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

2. Многие студенты обеспокоены по поводу невозможности трудоустройства из-за отсутствия практического опыта работы;
3. Практически все респонденты готовы работать после окончания вуза, рассчитывая на собственные силы при трудоустройстве;
4. Половине опрошенных студентов при выборе места работы в первую очередь важно материальное обеспечение;
5. Больше половины респондентов рассматривают как альтернативу для себя, в случае возникновения безработицы, занятие предпринимательской деятельностью;
6. Студенты при выборе сферы предпринимательской деятельности, в основном предпочитают заниматься торговлей, ресторанным и гостиничным бизнесом, открытием салонов красоты
7. Молодежь видит виновным в возникновении безработицы государство и не верит в эффективность государственных программ.

Список использованных источников

1. Занятость. Безработица. Служба занятости: Толковый словарь терминов и понятий / Под.ред. Ю.В.Колесникова. – М., 1996.
2. Комитет по Статистике РК/ www.stat.gov.kz
3. Занятость населения и ее регулирование. Учебное пособие./П.А. Чукреев, Е.В. Корытова. -Улан-Удэ: Изд-во ВСГТУ, 2010. – 212 с.

УДК 316.061

ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ ГЕНДЕРЛІК ӘЛЕУМЕТТЕНУІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Амангельдиева Адина Талгаткызы

aditas@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті, әлеуметтану
мамандығының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.М. Досанова

Гендерлік әлеуметтену – әлеуметтену процесінің бір бөлігі. Әлеуметтену, бір жағынан адамның қоғамға бейімделуі және интеграциялануы, ал екінші жағынан тұлғаның әлеуметтік ортада өзін-өзі дамытуы. Ал гендерлік әлеуметтенуді зерттеген кезде осы екі тенденция қарастырылуы қажет. Осы тұста гендерлік әлеуметтену бір-бірімен өзара байланысты екі процестен тұрады. Біріншіден, индивидтің әлеуметтік тәжірибені, ер немесе әйел жынысына тән психосексуалды ұстаным және құндылықтық бағдарларды, ғадет және қызметтерді игеру. Екіншіден, жыныстық идентификация процесінің қалыптасуы. Яғни әр адам өзін басқа жыныстағы адаммен ұқсастықты немесе карама-қайшылықты сезінеді, сөйтіп өзін-өзі белгілі бір жыныс өкілі ретінде бағалайды [1].

Гендерлік әлеуметтенуді түсіну үшін гендер ұғымын қарастыру керек. Гендер-маскулиндік және феминдікке жататын мінез-құлық үлгілері. «Гендер» ұғымы феминистік теориялар мен гендерлік зерттеулердің дамуымен таралды. Гендер деген ұғымды алғаш рет ғылымға 1968 жылы Роберт Столлер енгізген. Одан бұрын тек ер және әйел жынысы ретінде қарастырылған. Яғни тек бір ғана түсінік – биологиялық жыныс орын алған [2].

1970-жылдардағы феминистік қозғалыстар мен феминистік теориялардың дамуымен гендер ұғымы белең алды. Феминистік теориялар ер және әйел жынысының биологиялық ерекшеліктерімен қатар, ер және әйелге тән мінез-құлық, ғадет

ерекшеліктеріне көңіл бөлу дұрыстығын алға қойды. Осы тұста гендер – биологиялық жыныс емес, әлеуметтік категория екені анықтала түсті [3].

Гендерді әлеуметтік конструктілеу теориясына көз шалатын болсақ, бұл жерде дәстүрлі гендерлік әлеуметтенумен үлкен айырмашылықты байқауымызға болады. Яғни гендер әлеуметтік конструкт ретінде түсіндіріледі. Жыныс бұл биологиялық болмыс, яғни аскриптивті статус делінгенмен, жыныстық рөлдер конструктіленген: ер, әйел болып туылмайды, олар қалыптасады. Басқаша айтсақ, ер адамға тән ғадет және әйел адамға тән ғадет өздігінен пайда болған жоқ, ал әр түрлі контекстте пайда болды делінеді. Әйелдер мен ер адамдардың мінез-құлқы, өмір сүру стилі, ойлар, нормалар, тыйымдар және артықшылықтар жиынтығынан тұрады. Сонымен қатар, гендердің биологиялық жыныстан айырмашылығы, нақты тарихи уақытта қалыптасуы және белгілі бір уақытта әр-түрлі өзгеріске ұшырай алуы. Жыныс эволюция өнімі, гендер социализация өнімі [4].

Әлеуметтік жынысты(гендерді) адам тұрып жатқан алаң, белгілі бір тарихи кезеңдегі нақты қоғамның мәдениеті қалыптастырады. Мысалға, XX ғасырдың соңы мен-XXI ғасырдың басындағы Американдық және Қазақстандық әйелдерді салыстыратын болсақ, менталитет және құндылықтар жүйесіндегі айырмашылықты байқаймыз. Америкалық әйел –тәуелсіз, іскерлік қасиетке ие, маңсап құрушы, жеке басының жетістігін ойлаушы. Өзін-өзі қалыптастыруына отбасы және балалар кедергі келтірмейді. Ал, Қазақстандық әйел – альтруист, бала және жұбайының жетістігін қалаушы, ол үшін мансап емес, отбасылық құндылықтар басты орында.

Гендерлік әлеуметтену бала дүниеге келген уақыттан бастап жүзеге асады. Ата-ана баланың жынысын білгеннен бастап оған гендерлік тәрбие беруді жүзеге асырады. Осыдан келіп отбасы жас ұрпақтың әлеуметтенуінде үлкен рөлді атқарады. Отбасында үлкендер тарапынан жастарға тәжірибе, дәстүр, салттар таратылады. Бұнда жас ұрпақ өмір жайлы түсінік қалыптастырады, ортақ стандартталған құндылықтарды бойына сіңіреді. Отбасында әлеуметтік әдет, негізгі ғадет стереотиптері, ұстанымдар, әлеуметтік-мәдени нормалар және ережелер игеріледі, сонымен қатар психологиялық қолдау алуға оптималды жағдай жасалады.

Жыныстық – гендерлік рөл-адамның әлеуметтік рөлдерінің бірі. Қазіргі заманғы зерттеушілер(И.С.Кон, В.Е.Каган, Ю.Е.Алешина, А.С.Волович) жыныстық рөл – бұл толық рөлдер жиынтығы; әр рөлдің өзіне сай алдын ала қалыптасқан нормалық үлгілері, ғадет үлгілері бар деп анықтады. Гендерлік рөл – ерлер және әйелдерден күтілетін ғадет жиынтығы. Гендерлік рөл-жыныстық қатыстылыққа байланысты индивидтердің қызметінің, мәртебесінің, құқығының, міндеттерінің дифференциациясы. Гендерлік рөлдер-әлеуметтік рөлдің бір түрі, олар нормативті, белгілі бір күтуді көрсетеді және ғадетінде көрсетіледі. Гендерлік рөлдер маскулиндік және феминдік стереотиптер контекстінде өмір сүреді. Гендерлік рөлдер индивид меңгеретін және өзінің ғадеті мен санасында қолданатын нормативті жүйемен байланысты [5].

Қоғамдағы гендерлік стереотиптер балалардың әлеуметтенуіне үлкен ықпалын тигізеді. Гендерлік стереотиптер-«әйел адамға» және «ер адамға» тән ғадет үлгілері көрінісі. Көбіне отбасы рөлдерінің бөлінуіне қатысты стереотиптер орын алған. Яғни әйел адам үшін ана, үй шаруасымен айналысу рөлдері басым. Отбасы өмірі ол үшін, кәсіби және саяси маңсаптан гөрі маңызды. Ер адам үшін отбасыны материалдық қамтамасыз ету рөлі қалыптасқан. Сонымен қатар, қоғамдық өмірге қатысуы мен кәсіби жетістік маңызды [6].

Жастардың гендерлік әлеуметтенуі аса маңызды. Жастар –қоғамдағы жетекші рөлді ойнаушы және қоғам тұтастығын сақтаушы әлеуметтік-демографиялық топ. Жастардың гендерлік әлеуметтенуіне отбасы институтымен қатар, туыс, достар, оқу орны, дәстүр, бұқаралық ақпарат құралдары және т.б. ықпал етеді.

Бұл мақала дипломдық жұмыс тақырыбының аясында жүргізілген зерттеу нәтижелеріне негізделеді. Жастардың гендерлік әлеуметтенуінің ерекшеліктерін анықтау

мақсатында анкеталық сұрау әдісі қолданылды. Сұрау әдісі – әлеуметтанудағы ең кең таралған және әмбебап әдіс. Бұл сандық әдіс негізінде сұхбаттасушы респондентпен анкета немесе сауалнама парағы арқылы «пікір алмасады». Анкета арқылы жүргізілетін сауалнаманың қатаң белгіленген тәртібі, мазмұны, сұрақтар формасы, жауаптар нұсқасы болады. Анкеталық сауалнама қысқа мерзімде үлкен көлемдегі респонденттер санын сұрап, алынған мәліметтерді арнайы әлеуметтанулық бағдарлама арқылы математикалық-статистикалық өңдеуге мүмкіндік береді [7].

Сауалнама 2017 жылдың қаңтар-ақпан айларында кездейсоқ іріктеу әдісі бойынша Астана қаласында жүргізілді. Сауалнамаға 14-29 жас аралығындағы 100 респондент қатысты. Ер адамдар саны – 42, әйел адамдар – 58. Жас ерекшеліктеріне қарай 14-17 жас аралығында – 15 адам, 18-21 жас аралығында – 35 адам, 22-25 жас аралығында – 30 адам, 26-29 жас аралығында – 20 адам. Респонденттердің 94-і қазақтар, 4-і орыс және қалғандары басқа ұлттар.

Сауалнама парағының құрылымы бес бөлімнен тұрды. Әр бөлім жастардың гендерлік әлеуметтенуінің ерекшеліктерін анықтауға байланысты нақты бір маңызды индикаторлардан тұрады, олар: гендерлік құндылықтар мен гендерлік стереотиптер; отбасы және отбасындағы үй шаруашылығы міндетінің әке және ана арасындағы бөлінуі; гендерлік бейнелер және ер мен әйел адамға тән қасиеттер; гендерлік әлеуметтену; маңсап құру.

Алынған әлеуметтанулық мәліметтерге сәйкес, респонденттердің басым көпшілігі (37,6%) отбасылық құндылықтарды өмірдегі ең басты құндылық ретінде санайды. Яғни бұл құндылық заманауи қазақстандық қоғамда доминантты болып табылады. Сонымен қатар Қазақстандағы жаһандану элементтерінің кездесуі, нарықтың белең алуына қарамастан «отбасы» респонденттер үшін басты құндылық болып қала бермек. Осы орайда дамып келе жатқан қоғам үшін «маңсап», «жұмыс», «өзін-өзі кемелдендіру» емес, құндылықтардың бастысы «отбасы» болуы, қоғамның дәстүрлі сипатта екеніне көз жеткіздіреді.

Қоғамдағы қалыптасқан гендерлік стереотиптер бойынша сұрақтарды талдай отырып, әйел адамның ең басты міндеті-отбасы құру және бала тәрбиелеу деген тұжырыммен 57% респондент келісетінін көрсетті. Статистикалық көрсеткіштер стереотиптің қоғамда орын алғанын дәлелдеп отыр.

Отбасы – бірлесіп күн көретін туыстық қатынаста тұратын адамдар тобы. Отбасындағы әке және ана рөлін анықтау мақсатында, отбасында басқарушылық рөлді кім атқаратынын анықтау маңызды. Себебі отбасындағы қалыптасқан құндылықтар, ғадеттер, нормалар жастардың гендерлік әлеуметтенуіне әсер етеді. Респонденттердің көпшілігінде отбасында (үйінде), «басқарушы рөлін» әкелері (69%) атқарады. Біздің қоғам патриархалды-дәстүрлі сипатта, осыдан, отбасылардың басым бөлігінде әке басқарушылық рөлді атқарады.

Респонденттерге «Сіздің ойыңызша отбасында үй шаруашылығы міндеті қалай бөлінуі тиіс?» сұрағы қойылды. «Егер ерлі-зайыптылардың екеуі де жұмыс істейтін жағдайда, үй шаруасы бірдей бөлінуі тиіс» 46% респондент, «Үй шаруашылығымен, егер жұмыс істесе де, істемесе де әйел адам айналысуы тиіс» 30% респондент, «Ер адам ақша табуы тиіс, ал әйел адам үйде отырып, үй шаруашылығымен айналысуы керек» 24% респондент.

Ерлі-зайыптылардың екеуі де жұмыс істейтін жағдайда, үй шаруасы бірдей бөлінуі тиіс жауап нұсқасының таңдаған респонденттер үшін гендерлік стереотиптер, қоғамда тұрақталған ер және әйел бейнелерінің жоғары маңызы жоқ екенін байқауымызға болады. Яғни ер және әйел адамның жыныстық ерекшеліктеріне аса мән бермей, екеуі де бірдей функцияларды атқаруы керектігін көрсетеді. Дегенмен де қоғамның кейбір мүшелері үшін үй шаруашылығымен, егер жұмыс істесе де, істемесе де әйел адам айналысуы керектігі дұрыс болып отыр. Осындай жауап нұсқасының

тандалуы отбасындағы гендерлік әлеуметтену, гендерлік құндылықтар, нормалардың әсері.

Отбасындағы ана мен әке арасындағы үй шаруашылығы міндеттерінің бөлінуі жастардың гендерлік әлеуметтенуіне әсері бар. Себебі, алғашқы әлеуметтену отбасында жүретіні анық. Осыдан әке және ананың отбасындағы рөлдері жастардың санасына сіңіп, норма ретінде қалыптасады. Осыған орай респонденттердің ата-аналарының міндеттері қалай бөлінгендігін анықтауды мақсат еттік.

Сіздің ата-анаңыздың арасында үй шаруашылығы міндеттері қалай бөлінген? «Тепе-тең бөлінген» 18% респондент, «Әкеге қарағанда, көбіне анам үй шаруашылығымен және бала бағумен айналысады» 51% респондент, «Әкем тек жұмыс жасайды, ал анам үй шаруашылығы және бала бағумен айналысады» 25% респондент, «Мен анасыз/әкесіз өстім» 6% респондент. Көптеген отбасыларда әкелеріне қарағанда, көбіне аналары үй шаруашылығымен және бала бағумен айналысады. Бұл қоғамда әлі күнге дейін дәстүрлі отбасылардың басым екенін және гендерлік стереотиптерден арылмағанын көрсетеді.

Респонденттерің көзқарасы бойынша «әйелге адамға тән» және «ер адамға тән» түсінігі бойынша қандай қасиеттер жататынын мақсатқа алдық. Респонденттердің жауаптарына сәйкес әйел адамға тән үш негізгі қасиетті айтуымызға болады, олар: нәзіктік, жұмсақтық, төзімділік. Ал, ер адамға тән негізгі қасиеттер, келесідей: батылдык, ерік күші, қорғай білу. Респонденттердің жауап нұсқаларын қарастыра отырып, қоғамдағы қалыптасқан бейнелерге сай ер және әйел адамға тән қасиеттер тандалғанын байқауымызға болады.

Маскулиндік және феминдікке тән гендерлік бейнелерді айқындау мақсатында, респонденттер жар және жұбайының бейнелерін қалай көретіндігі маңызды болды. Жар және жұбайы категориясы үшін бірдей индикаторлар қолданылды. «Сіздің ойыңызша идеалды жар қандай болуы керек?». «Жақсы әке» – 59%, «жұбайына адал» – 58%, «жақсы табыс табатын» – 43%, «тәуелсіз» - 39%, «білімді» –деп көрсеткен 31% респондент жас қыздар.

Сіздің ойыңызша идеалды әйел/қыз қандай болуы керек? «Жұбайына адал» – 69%, «үй шаруашылығын жақсы атқарушы» – 59%, «жақсы ана» – 53, «ерінің үйдегі беделін қолдаушы» – 28%, «білімді» деп көрсетті 23% респондент жас ер адамдар.

Респонденттермен анықталған идеалды ер бейнесі және идеалды әйел бейнесі, толықтай біздің қоғамға сай ер адам және әйел адам бейнесімен байланысты. Идеалды жар бейнесін респонденттердің басым көпшілігі, жақсы табыс табатын деп анықтаған. Бұл дәстүрлі сипатпен бағытталады. Бұрынғы заманнан бері ер адам табыс табушы болып саналады және осы функция әлі күнге дейін сақталған. Ал, идеалды әйел адамның жоғары табыс табуы керек емес, яғни респонденттердің есептеуінше бұл бейнеге мүлдем жат құбылыс. Керісінше идеалды әйел адам, респонденттердің басымды пікірі бойынша – үй шаруашылығын жақсы атқарушы. Бұл қоғамның дәстүрлі сипатта екенін анықтай түседі.

Жастардың гендерлік әлеуметтенуінде гендерлік тәрбиенің маңызы жоғары. Гендірлік тәрбие арқылы индивидтің бойында өзінің жынысына тән қасиеттер қалыптасады. «Сіздің ойыңызша ұл немесе қыз жынысына тән ғадетті, мінез-құлықты кім үйретуі керек?» деген сұраққа респонденттер «Ата-ана» жауабын таңдаған. Ең алғаш әлеуметтену процесі отбасында жүретіні анық, осыған орай бала туылған беттен бастап, ата-ана баланың гендерлік тәрбиесіне жауапкершілікті алуы қажет. Ата-ана гендерлік әлеуметтену барысында балаға гендерлік нормаларды, тәжірибелерді қалыптастыруда аса ірі рөлді атқарады. Ата-ананың балаға дұрыс гендерлік тәрбие бере білуі басты құндылық. Ұл бала және қыз балаға әр түрлі ерекшелік тән. Сондықтанда гендерлік тәрбие берерде әр жыныстағы баламен индивидуалды тіл табысу жөн.

Әйел адам және маңсап ұғымының үйлеспейтіні жөніндегі стереотиптің, қоғам санасына еніп кеткенін, «Егер ер адам маңсап құрса, онда әйел адам сол үшін жағдай жасауы керек дегенге келісесіз бе?» сұрағына респонденттердің жауаптары бойынша дәлелдеуге болады. Респонденттердің үштен бір бөлігі (34%) толығымен келісетінін көрсетті. Ал, егер әйел адам маңсап құрса, онда ер адам сол үшін жағдай жасауы керек жауап нұсқасы бойынша тек 18% респондент жағымды жауап білдірді. Осылайша, ер адамның маңсап құруы орынды болып саналады.

Қорытындылай келе, әлеуметтанулық зерттеу жүргізе отырып, қоғамдағы жастардың гендерлік әлеуметтенуіндегі ерекшелік - жаһандану процесінің әсерінің жоғарылығына қарамастан әйел және ер адам бейнесі, рөлдері дәстүрлі негізде сақталғанын көруімізге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Здравомыслова Е, Темкина А. Исследования женщин и гендерные исследования на Западе и в России // Общественные науки и современность. 2009. № 6. С.177-185.
2. Воронина О.А. Социокультурные детерминанты развития гендерной теории в России и на Западе // Общественные науки и современность. 2000. - № 4. - С. 12.
3. Коннелл Р. Современные подходы // Хрестоматия феминистских текстов. Переводы./ Под ред. Здравомысловой Е, Темкиной А. СПб: Д.Буланин, 2000.С.258-266
4. Здравомыслова Е, Темкина А. Социальное конструирование гендера как феминистская теория //Женщина. Гендер. Культура. Москва. Ред. Хоткина З., Пушкарева Н.,Трофимова Е. 1998. С. 46-65
5. Алешина Ю.Е., Волович А.С. Проблемы усвоения ролей мужчины и женщины // Вопр. психол. 2011. №4. С. 74-82.
6. Каширская И.К. Социально-психологический анализ основных источников информации и процесс гендерной социализации // Вопросы психологии.- 2003.- N 6. С.56-63
7. Девятко И.Ф. Методы социологического исследования. – Екатеринбург. Изд-во Урал, ун-та, 1998. – 208 с.

УДК.15:616.89

ВЛИЯНИЕ СОТРУДНИЧЕСТВА НА УЧЕБНУЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

Авилова Клара Худжаяровна

kuchkarova_81@mail.ru

Старший преподаватель кафедры «Языков»

Ташкентская медицинская академия, г. Ташкент, Узбекистан.

Научный руководитель - Б. М.Умаров

Учебное сотрудничество организуется с помощью различных способов, приемов, которые одновременно регламентируют деятельность участников. Наиболее распространенным способом учебного сотрудничества при решении учебных задач является дискуссия, обсуждение, проблемный вопрос. Фиксируется также зависимость приемов от формы сотрудничества: итоговой и текущей. При итоговой решение задачи, предназначенной для совместной работы, может быть индивидуальным, а его контроль и оценка — производиться совместно, в процессе обсуждения итогового результата. В текущем сотрудничестве решение задачи на всех этапах ведется совместно всеми участниками.

Отвечая на вопрос, каковы преимущества объединения усилий детей в решении задач и тренировке навыков, ведущий разработчик этой проблемы Г.А. Цукерман на основе